

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Соттағы әлеуметтік психология 2-бөлім

5-тарау. Әлеуметтік психология





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың соттағы әлеуметтік психология туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Алқабидің жеке басының қасиеттерінің ықпалы қандай?
2. Алқабиді іріктеу;
3. Алқабилерге топтың әсері қандай?
4. Зертханадан – шынайы өмірге: эксперименттік және кәсіби соттар.

Алқабидің жеке басының қасиеттерінің ықпалы қандай?

Сот мәжіліс залындағы шешім: куәгерлердің айғақтарына, айыпталушының жеке қасиеттеріне және судьяның нұсқауларына тәуелді. Бірақ бұл сондай-ақ алқабилердің ақпаратты қалай өңдеуіне байланысты. Сот залының қарапайым алқабиге ықпалы – ойлануға тұрарлық мәселе. Бірақ оның ешқайсысын қарапайым деуге болмайды; әрқайсысы сот залында өзіндік көзқарасы мен тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Ал іс талқыға түскенде, олардың бірінің көзқарасы екіншісіне ықпал етпей қоймайды. Сондықтан бұл жерде екі сұрақ туады:

- 1) Үкімге алқабидің жеке басының қасиеттерінің қаншалықты ықпалы бар?
- 2) Үкімге алқабилердің істі талқылау барысындағы бір-біріне ықпалы қаншалықты әсер етеді?

Алқабилер бұл мәселенің маңыздылығын түсіне ала ма?

Олардың пайымдауын түсіну үшін ғалымдар кәсіби алқабилер арасынан іріктеп алынған оларға қолда бар айғақтар негізінде оқиға желісін құрастыру бойынша эксперименталды сот отырысын өткізуді ұсынған. Үкім шығарар кезде алқабилер қолда бар айғақтардың бәрін пайдаланып, оқиға желісін құрастырып шыққан. Мысалы, кісі өлтіру бабы бойынша қаралған бір істі қарап шыққаннан кейін, кейбір алқабилер «айыпталушы жәбірленушімен сөзге келіп қалғаннан кейін ашулы болған, сосын пышағын алып, жәбірленушіні өлтірген» деген шешімге келген. Басқалары болса, «айыпталушы пышақты қорыққанынан, өзін қорғау үшін алып шығып, жәбірленушіні аффект жағдайында өлтіріп алған» деп санаған. Істі талқылау барысында алқабилер әріптестерінің әрқайсысы оқиға желісін әртүрлі құрастырғанын байқаған, яғни зерттеу нәтижесінде, алқабилерге адвокаттың оқиға желісін құрастырып бергені көбірек ықпал ететіні байқалған. Осыдан кейін «елде ауыр қылмыстарды қарастыруда 80% айыптау үкімін шығаратын себебі – прокурорлар оқиға желісін адвокаттарға қарағанда жақсырақ құрастырғанына байланысты» деген қорытынды шығарылған.

Алқабилер алдымен соттың жарамды айғақтардың санаттары жайлы нұсқауына құлақ асқаны жөн. Ал бұл нұсқау тиімді болуы үшін олар оны жақсы түсінуі тиіс. Жүргізілген зерттеулер олардың көбі заң тілінде жазылған нұсқауды дұрыс түсінбейтінін көрсеткен. Сот қарастырылып отырған істің ерекшелігіне байланысты алқабилерге дәлелдеменің стандарты «дәлелдердің басымдығы», «нақты әрі сенімді дәлелдердің келтірілуі» немесе «күмәнсіз, ақылға қонымды» екенін түсіндіріп жатады. Мұндай сөз тіркестері құқықтық білімі бар адамдар үшін түсінікті болса да, оны олар тіпті басқаша түсініп жатады. Соттағы істерге талдау жасап, алқабилермен сұхбат жүргізген Стефен Адлер «шыншыл, байсалды алқабилердің өздері түрлі себептерге байланысты әлсіз айғақтарға көп көңіл бөліп, маңызды айғақтарды назардан тыс қалдырып, нәтижесінде алдын ала тұжырым жасап қойып, жаны ашу немесе ашулану сияқты сезімдерге бой алдырып, әділетсіз үкімнің шығуына себеп болған». Сот осы зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, істі талқылау барысында қабылдауға жарамсыз айғақтарды алға тартқандарға жаза қолданылса деген тілек білдірген, бұл өз кезегінде жарамсыз, бірақ алқабилердің үкіміне ықпал ететін айғақтарды шектеуге мүмкіндік береді.



Қабылдауға жарамсыз айғақтардың ықпалын азайту үшін оларға, мәселен, жыныстық тиіспеушілік қылмысындағы жәбірленушінің жыныстық қарым-қатынас тарихы сияқты айғақтардың кейбір түрінің маңызсыз екенін ескерте алады. Алқабилер мұндай айғақтардың нәтижесінде пікір қалыптастырып қойған жағдайда, соттың ескертуінің ықпалы төмен болады. Вики Смит айтқандай, сотқа дейінгі дайындық кезеңінің берер пайдасы мол. Оларға сот процедуралары мен дәлел стандарттарын арнайы оқыту, олардың сот процедураларын жете түсінуі мен іске қатысты барлық ақпаратты естімейінше үкім қабылдамауды үйренуін жетілдіреді.

Алқабилердің соттың нұсқауын дұрыс түсінбеу себептерін анықтау – орынды үкімге қол жеткізудің алғашқы қадамы. Күрделі ақпараттарды есте сақтауынан гөрі стенограммамен жұмыс істеуге итермелеу – екінші қадам. Одан кейінгі, яғни ақпаратты жеткізудің жақсырақ, тиімдірек жолын анықтау қадамын әлеуметтік психологтар бірталай зерттеген. Мысалы, сот «дәлелдемелердің стандарты талабын» қарағанда, алқабилер оны түсініп, соған сәйкес әрекет жасауы тиіс. Сондай-ақ кісі өлтіру баптары бойынша істі қозғағанда, жеңілдететін мән-жайлар болса, өлім жазасын тағайындай салмас үшін Иллинойс штатындағы өлім жазасы туралы акті сияқты алқабилерге қарапайым түсіндіру әдістері де болуы тиіс: «Егер жеңілдететін мән-жайлар жоқ екеніне бірауыздан келіспеген жағдайда сотқа бұл іске өлім жазасынан басқа жаза тағайындау туралы талап қоятын үкім шығару қажет», яғни нұсқауды қарапайым тілде түсіндірсе, алқабилер алдын ала пікірдің ықпалына азырақ ұшырайды.

Алқабилерді іріктеу

Құқық қорғаушылар алқабилердің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды іріктеу процесін өз мүддесіне пайдалана ала ма? Құқық тарихында ондай жағдай болған. АҚШ-тың сот заңгерлері ассоциациясының президенті «соттағы адвокаттар адам мінез-құлқының қырсырын меңгергені сонша, оның шешім қабылдауға қиналып тұрғанын немесе алдын ала пікірінің негізінде қабылдайтынын біліп тұрады» деген. Адамдардың басқаларды бағалауда қателікке жиі ұшырайтынын білетін әлеуметтік психологтар адвокаттардың бұл орайдағы біліктілігі ешқашан жаңылыспайтын Гейгер есептегішімен тең екеніне күмән келтіреді. АҚШ соттарында жылына 6000-ға жуық іс барысында мамандар, олардың ішінде әлеуметтік психологтар да бар, заңгерлерге алқабилерді іріктеуге және іс барысына стратегия құруға көмектесіп отырады.

Қазіргі кезде көптеген адвокаттар алқаби іріктеуде айыпталушыға қарсы алдын ала пікірге жол бермеу үшін ғылыми әдісті пайдаланып, нәтижесіне ризашылығын білдіріп жүр. Олардың көпшілігі сот олардан «егер осы іс жайлы сізге алдын ала ықпал ететіндей қандай да бір нәрсені оқыған болсаңыз, қолыңызды көтеріңіз» деп сұрағанда, алдын ала пікірі бар екенін мойындамайтынына сенімді. Бірақ, мысалы, сот адвокатқа алқабидің есірткіге қарсы көзқарасын тексеруге рұқсат берсе, адвокат оның қандай үкім шығаратынын алдын ала болжай алуға мүмкіндігі көбірек болар еді. Сол сияқты, «психиатрлардың қорытындыларына аса сенім білдіре қоймайтынын» мойындайтын адам айыпталушының әрекет жасауға қабілетсіздігіне де сенсе қоймайды екен.

Әр адам нақты істің ерекшеліктеріне түрлі көзқарас білдіреді. Мысалы, алқабидің нәсілдік көзқарасы нәсіл аралық қылмысты қарауда маңызды; гендерлік көзқарасы әйел зорлау мен әйелді сабау туралы істерде маңызды; ұжымға қарағанда жеке адамға көбірек сенуі мекемеден денсаулығына келтірген зиянды өтеу істеріне қатысты маңызды. Алқабилерді іріктеудегі ғылыми әдіске қатысты біраз сенімсіздік болғанына қарамастан, жүргізілген тәжірибелер жеке адамның мінез-құлқы мен көзқарасы үкімнің қандай болатынын болжауда әлсіз болатынын көрсеткен. Стивен Пенрод пен Брайан Катлер ескерткендей, «Оларға ешқандай да әдеттен тыс сұрақ қойылмайды».

Психолог ғалымдар Майкл Сакс пен Рейд Хастидің пайымдауынша: «Үкім шығаруда алқабидің жеке басының қасиеттерінен гөрі, айғақтардың ықпалы көбірек болатыны жалпыға мәлім».



Өлім жазасын қарастыратын алқабилер

Жабық істер де алқабилердің қатысуымен шешіліп жатады. Қылмыстық істі өлім жазасын қолдайтындар немесе өлім жазасына қарсы еместер қарастырса, айыпталушыға қатал жаза тағайындауға бейім болып, сот айыпталушыны бетімен жіберген деп санап, конституциялық құқығын қорғауға қарсылық білдіруге бейім болады. Қарапайым тілмен айтқанда, «өлім жазасын қолдайтын алқабилер» қылмысты азайтуды басты мақсат тұтып, заң тәртібіне онша назар аударма қоймайды. Егер сот өлім жазасына қатысты моральдық күмәні барларды іріктемесе, демек, қаталырақ жазаға дауыс беруі ықтимал алқабилерді таңдайды деген сөз.

Психолог Крейг Хейни бұл мәселеде әлеуметтанушылар өлім жазасын тағайындау туралы алдын ала пікірге рұқсат берілуі тиістігі жөнінде «виртуалды ауызбіршілік» танытып отырғанын айтады. Феба Элсуорттың пікірінше, зерттеу нәтижелері бірегей: «Өлім жазасы тағайындалған істердегі қателіктерге оның жаза тағайындаудағы кемшіліктері себеп болған». Оның үстіне, өлім жазасын тағайындауға бейімдер авторитаризмге бейім, яғни дәрекілеу, қаталырақ, жеңілдік жасамайтын, өзінен төмендерді кінәлауға бейім болып келетіндер екен.

АҚШ мемлекеті «Әділетсіз үкіммен күрес барысында жаза әділетті түрде тағайындалды ма?», «Нәсілдік жаңсақ көзқарастың ықпалы болмады ма?», «Өлім жазасы адам өлтіру қылмысын азайта алды ма?» деген сұрақтарға жауап іздеп отыр. Бұл сұрақтарға әлеуметтану ғылымдарының берер жауабы айқын. Әлеуметтанушылар бұл жазаны адамгершілік жағынан қарастырып, «дәлелдер қарама-қайшы болған кездегі болжау мен ішкі түйсіктің негіздері қандай болуы тиіс» деген сұрақтар қойып отыр. Біз неліктен мәдениеттілігімізді ғылыми тұрғыдан зерттей алмаймыз? Осы ұсыныс қолдау тапса, жақсы болар еді. Ал егер сот қарама-қайшы дәлелдермен шатасып жатса, мұның соңы жақсылыққа апармайтыны белгілі. Бұл психология ғылымы мен азаматтық демократияны жандандыратын сыни ойлау идеалдары.

Әлеуметтік психологтар тек куәгерлердің, соттар мен алқабилердің өзара ықпалын ғана емес, сондай-ақ жекелеген алқабилер арасындағы өзара ықпалды да зерттейді. Мұндағы өзекті мәселелердің бірі олардың айғақтарды, әсіресе айыпталушы сол қылмысты жасағанына сенімді болған кезінде, дұрыс түсінуі. Адвокаттар алқабилерді таңдау кезінде өздеріне тиімділерін таңдау үшін мамандардың көмегіне жүгініп жатады. Пікірі сотқа дейін қалыптасқан адам, мәселен, алқабиліктен босатылуы мүмкін. Өлім жазасы тағайындалуы мүмкін істе сот заңгерлері өлім жазасына үзілді-кесілді қарсы адамды оған таңдамауы мүмкін. Әлеуметтік психология ғалымдары сот заңгерлерінің бұл қылығы олардың өлім жазасын жиі тағайындауына әкеліп соғады десе, АҚШ Жоғарғы соты басқаша шешім қабылдаған.

Алқабилерге топтың әсері қандай?

Алқабилердің сот отырысынан шығып, үкімді талқылау үшін кеңесу бөлмесіне кіргенін елестетейік. Олардың үштен екісі соттың бірінші инстанциядағы үкімімен келіспейтінін білдірді делік. Дегенмен олар 95 пайыз жағдайда кеңескеннен кейінгі үкіммен келісіп жатады екен. Себебі, олар топтың ықпалына ұшырайды. Алқабилер шешім шығаруда топтың ықпалына, яғни көпшіліктің немесе азшылықтың ықпалына ұшырай ма? Шешім шығаруда топтық поляризация орын ала ма? Топтық ойдың нәтижесі оларға ықпал ете ме? Алқабилердің бастапқы ойын білсек, үкімнің қандай болатынын алдын ала болжай аламыз ба?

Олардың жұмыс барысын қадағалауға заңмен тыйым салынғандықтан, ғалымдар мұндай тәжірибені ойдан құрастырылған сот отырысы барысында жүргізген. Эксперимент барысында алқабилердің рөліндегі қатысушылардың жұмысын барынша шынайы көрсетуге тырысқан. Бірнеше мәрте қайталанған экспериментте ғалымдар топтық шешім мен әрқайсысының шешіміне математикалық талдау негізінде болжам жасауға тырысқан. Сонымен соңғы үкімнің қандай болатынын алдын ала болжауға математикалық талдау көмектесе алды ма? Дэвис пен әріптестері мұндай болжаудың дәлдігі қаралып жатқан істің түріне байланысты екеніне көз жеткізген. Дегенмен кейбір эксперименттерде соңғы шешім алқабилердің үштен екісінің қабылдаған шешімі болатыны белгілі болған: яғни олардың үштен екісінің бастапқыда



қабылдаған шешімін соңғы үкімнің баламасы ретінде қарастыруға болады екен. Себебі көпшіліктің мұндай шешіміне құлақ аспаған жағдайда шешім қабылдау тіпті қиындап, іс тоқырауға ұшырап жатады.

Азшылықтың ықпалы

Сирек болса да, кейде азшылық топтың пікірі басым түсетін кездер де болады. Алқабилер алқасының 12 мүшесін колледж сыныбы деп елестетейік: әдетте сыныптағы үш бала көп сөйлемейді, тағы үш сөзуар бала пікірталастағы бүкіл ойлардың жартысын айтады. Сот отырыстарының бірінде айыпталушыны ақтап алуға тырысып, көбірек сөйлеп, басымдық білдіріп отырады. Зерттеу нәтижесі азшылық дәлелі орынды, табанды және сенімді болған кезде жеңіске жететінін көрсеткен. Неғұрлым көпшіліктің назарын өзіне аудара алса, соғұрлым жеңіске көбірек жетеді екен.

Топтық бөліну

Сот талқылауы кезінде алқабилердің пікірлері өзгеріп жатады. Эксперимент кезінде талқылау барысында оның бастапқы пікірінің күшейе түсетіні де байқалған. Мысалы, эксперименттердің бірінде Кентукки университетінің студенттері адам өлтіру бабы бойынша қаралған істің 30 минуттан тұратын аудиожазбасын тыңдап шығып, айыпталушыға жаза ұсынуы тиіс болған. Студенттердің бір тобы басында қатаң жаза ұсынып – 58 жыл, бірақ істі талқылағаннан кейін жаза түрін әлдеқайда қатаңырақ түрге ауыстырған – 68 жылға. Ықпалы азырақ студенттер тобы әлдеқайда жұмсағырақ жаза ұсынып – 38 жыл, талқылаудан кейін жаза түрін тағы жұмсартыпты – 29 жылға.

Алқабилердің жеке бастарының сипаты әртүрлі болуы орташа қаталдықтағы үкім шығаруға ықпал етеді. Эксперименттерде олардың тобының тек ақ нәсілден тұрғанына қарағанда нәсілдер аралас болған кезде жұмсағырақ жаза ұсынылып, айғақтардың да шеңбері кеңірек болғаны байқалған. Олардың сотындағы топтық поляризация 12 алқаби үкім қабылдаған 69 істі зерттеу нәтижесінде анықталған. Бұл істердің әрқайсысында тәжірибелі сот пен тәжірибелі адвокаттар қатысқан отырыстың үкімі қайта қаралған еді. Сонан соң олардың кеңесу бөлмесіндегілері ақылдасу уақыты шектелмеген. Бесеуінің төртеуі үкімді талқылау барысында айыпталушыны кінәлі деп дауыс берсе де, оның адам өлтіру қылмысын байқаусызда жасағанына аз-маз болса да сенген. Бірақ одан кейін олардың бәрі де айыпталушының кінәлі екеніне келісіп, екінші деңгейлі адам өлтіру деген үкім шығарған. Талқылаудың арқасында алқабилердің бастапқы пікірлері беки түскенін көрсеткен бұл эксперимент топтық бөлінуінің классикалық мысалы.

Жұмсақтық

Көп экспериментте сот талқылауының тағы бір әсері байқалған: әсіресе айғақтар қылмыстың нақты дәлелі бола алмаса, алқабилер талқылау кезінде жұмсақтық танытқан. Шағын көпшілік бастапқыда айыпталушыны кінәсіз деп тануға бейімдік танытса, ақырында сол шағын көпшіліктің пікірі басым түсіп отырған. Сондай-ақ айыпталушыны кінәлі деп тануға бейімдік танытқан азшылық топқа қарағанда, оны ақтауға бейімдік танытқан азшылық топтың пікірі басым түсіп отырған. Бұл эксперименттердің нәтижелерін кәсіби алқабилер арасында жүргізілген сауалнамалар да растап отыр. Істерде көпшілік топ басымдық танытпаса, әдетте айыптаудан гөрі ақтау үкімі жиірек қабылданады екен. Әдетте сот алқабилермен тек өзі кінәлі деп тапқан айыпталушыны ақтап шыққан кезде ғана келіспеуі мүмкін. Басқалардың нанымды дәйектерінен туындайтын «ақпараттың әсері» жұмсақтықтың артуына себеп бола ала ма? Ондайда «кінәсі дәлелденбесе, кінәсіз» және «күмәнсіз дәлел» қағидалары айыптауды қолдайтындарға қылмысты дәлелдеу ауыртпалығын жүктейді. Бұл айыпталушының кінәсіз-



дігінің дәлелін аса нанымды етіп көрсетуі де мүмкін немесе әділетті үкім шығаруға тырысқан алқабилердің айыпталушының кінәлі екеніне көбірек күмән келтіретіндермен пікірталасы «нормативті ықпалдың» жұмсақтық эффектісін тудыруы да мүмкін.

Он екі адамның үкімі жалғыз адамның үкімінен тиімдірек пе?

Әдетте мәселенің объективті дұрыс шешімі белгілі болса, топтың пікірі жеке адамның пікірінен басым түсіп жатады. Алқабилерге қатысты да осылай ма? Үкім шығару кезінде олар әріптестерінің шешімдерін өздерінікімен бірдей ету үшін нормативті қысым жасап жатады. Дегенмен олар ақпарат алмасып, бір-бірінің көзқарасын кеңейтіп те жатады. Ал сондай ақпараттың ұжымдық шешімге ықпалы бар ма?

Бұл сұраққа жауаптың дәлелі жеткіліксіз болса да, көңілге қонымды. Сот талқылауындағы ақпаратты жеке алқабиге қарағанда, көпшілік топ жақсырақ еске түсіреді. Істі талқылау, алдын ала пікірлерді жойып, олардың назарын алдын ала қалыптастырып алған пікірлерінен нақты айғақтарға да бұра алады. Демек, он екі адамның үкімі жалғыз адамның үкімінен тиімдірек. Он екі адамдық алқабидің үкімі алты адамдық алқабидің үкімімен тең бе? Британдық құқықтық мұраға сәйкес Құрама Штаттар мен Канададағы алқабилер дәстүрлі түрде 12 адамнан тұрады және олардың міндеті – консенсусқа бірауыздан қабылданған үкімге қол жеткізу. Алайда азаматтық істер мен штаттардағы өлім жазасына қатысы істерді Жоғарғы соттың 1970 жылдарда қабылдаған ережесіне сәйкес 6 адамнан тұратын алқабилер алқасы қарайды. Осы алқабилер алқасының үкімі 12 адамнан тұратын үкіммен тең бе? Бұл сұраққа заңгер ғалымдар мен әлеуметтік психологтардың көбі «жоқ» деп жауап беріп отыр. Алдымен статистикаға назар аударайық.

Мысалы, елдегі алқабилердің санының 10 пайызы «қара» болса, онда 12 мүшесі бар қазылар алқасының – 72%-ы, ал 6 мүшесі бар қазылар алқасының тек 47% мүшесі ғана қара нәсілді болуы мүмкін екен. Ал олардың тобындағы азшылықтың үкімге ықпалы да азырақ болатыны белгілі. Және осы істе алты алқабидің біреуі айыпталушыны ақтап дауыс берсе, бұл 6 мүшесі бар алқада – бір адам, ал 12 мүшесі бар алқада 2 адам болады екен. Жоғарғы сот мұндай ара қатынасты психологиялық тұрғыдан алғанда екі жағдайда да бірдей деп қарастырады. Бірақ сәйкестік туралы жоғарыдағы әңгімеміз есіңізде болса, топтық қысымға қарсы тұру екі адамға қарағанда бір адамға әлдеқайда қиынырақ соғатыны белгілі. Психологиялық тұрғыдан айтсақ, алқа мүшелерінің он да екі деп бөлінуі бес те бір деп бөлінуіне тең емес. Осы орайда он екі адамдық қалқаның айыптау үкімін 6 адамдыққа қарағанда жиірек шығаратыны таңқаларлық нәрсе емес. Алқабилерді зерттеуші ғалым Майкл Сакс зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша: «Алқа мүшелерінің саны көбірек болған сайын оның құрамындағы азшылық топтың саны да арта түседі, айғақтарды да дәлірек есте сақтайды, талқылауға да көбірек уақыт беріледі, үкімді талқылау ұзағырақ созылады және сәтті үкімдерді де жиірек шығарады».

1978 жылы осы тақырыптағы зерттеу жұмыстарының қорытындыларының бірқатары ресми жарияланғаннан кейін АҚШ Жоғарғы соты Джорджия штатындағы 5 мүшелі алқабилер алқасының қызметін тоқтатқан. Жоғарғы соттың шешімін жариялаған сот төрағасы Гарри Блэкман 5 адамнан тұратын алқабилер алқасында азшылық топтың өкілдерінің саны азырақ болатынын, шешімінің сәттілігі мен нақтылығының деңгейі төменірек екенін логикалық және эксперименттік дәлелдерге сүйеніп мәлімдеген. Бір қызығы, ол деректердің көбі іс жүзінде 6 мүшеден тұратын қазылар алқасын 12 мүшеден тұратындар салыстыруларға кірді және мұнда да 6 мүшеден тұратын алқабиге де қарсы пікір айтылған. Бірақ 6 адамнан тұратындарға қоғамның мойынсұнғанын қабылдап және қорғай отырып, Сот дәл сол дәлелдердің қолданылғанына сенімді болмады.

Зертханадан – шынайы өмірге: эксперименттік және кәсіби соттар

Дәрісті тыңдап отырғанда, «кейбір ғалымдар: колледж студенттерінің жеке мінез-құлықтары арасындағы айырмашылыққа көңіл аударды ма?» деген сұрақ туған шығар. Оның



үстіне, аз-маз ақпараттың негізінде эксперименттік үкім шығара салу бір бөлек те, нақты сот отырысы барысында күрделі айғақтарды қарастырып, орынды үкім шығарудың қиындығы тіпті бөлек нәрсе екені айтпаса да түсінікті. Мысалы, Рейд Хастис, Мартин Каплан, Джеймс Дэвис, Евгений Боргида және басқа ғалымдар экспериментке қатысқан алқабилерден істі барынша шынайы қарауды өтінген. Олардың істі шынайы қарағаны сонша, тіпті кейде оның телевизиялық шоу екенін де ұмытып еткен. Студент алқабилер де дәл солай. Эксперимент барысындағы алқабилердің ұтымды дәйектеріне, оқиғаның желісі мен қисынының дәлдігіне, көзқарастарына, алқабиге өз көзқарасын нанымды жеткізуге талпынысына таңғалдым. Мен зерттеп жүрген психологияның сан саласы осы экспериментте тоғысқандай еді! Студенттер істің жай ғана эксперимент екенін біле тұра, үкімнің әділ болуына барынша тырысты». Психолог ғалым Норберт Керр АҚШ Жоғарғы сотында «Өлім жазасы қарастырылған істерді өлім жазасын қарайтын алқабилердің қызметін пайдалану ісінде психологтардың оларға жүргізген зерттеулерінің қаншалықты пайдасы бар?» деген сұрақ талқыланған болатын. АҚШ конституциясында «айыпталушы әділетті сот талқылауына және айыптаушы тараптың мүддесінен тәуелсіз риясыз алқабиге құқылы» деп жазылған. Өлім жазасын қолдамайтын соттар мұндай істерге тек өлім жазасын қолдайтын соттарды іріктеп алу – айыпталушының конституциялық құқығын шектеп отыр дейді. Олардың дәйегі – «ғалымдардың әртүрлі мәселені әртүрлі тәсілдермен зертеу нәтижелеріне негізделіп отыр». Дегенмен соттардың басым көпшілігі «бұл ғылыми зерттеулердің кәсіби соттардың қандай үкім шығаратынына болжам жасай алатынына күмән келтіретінін» айтты. Бұл орайда алғашқы топтағы соттар эксперименттердің кәсіби алқабилердің сот отырысына жүргізілуіне рұқсат берілмегенін; «айыпталушының өлім жазасына лайық емес екенін дәлелдеуге мүмкіндік беруден бас тартуға болмайтынын» айтып отыр. Ғалымдар зертханалық зерттеулер маңызды мәселелер бойынша практикалық, арзан және бақылау жағдайында тұжырым жасауға мүмкіндік берітінін айтып, олардың қорытындыларының маңызын жоғары бағалады.

Мұндай қорытындыларды шынайы жағдайда сынақтан өткізген кезде, нәтижелері бірдей болған кездер жиі болыпты. Дегенмен олар қарапайым жағдайдағы эксперименттің нәтижесі күрделі сот процестерінің нәтижесімен әрдайым бірдей болады деуден аулақ. Дәлірек айтқанда, мұндай эксперименттер тек бізге күрделі сот процестерін түсінуге мүмкіндік беретін теорияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жердегі ойланатын бір нәрсе, алқабилерге қатысты эксперименттердің әлеуметтік психология саласындағы күрделі процестердің қарапайым нұсқаларын жасау арқылы өткізілген басқа эксперименттерден өзгешелігі бар ма? Эксперимент барысында ғалымдар бір-екі факторды өзгерту арқылы сол факторлардың эксперимент нәтижесіне қаншалықты ықпал ететініне көз жеткізе алады. Әлеуметтік психология эксперименттерінің маңызы сонда.

Қорытынды

Алқабилер де топ, сондықтан олар да басқа топтар сияқты белгілі бір ықпалға ұшырайды. Мысалы, олардың арасында ең сөзуарлары көбірек сөйлеп, сөзге шорқақтары үндемеуге бейім болады. Үкімді талқылау барысында қарама-қарсы ойлар әлдеқайда күшейіп, бөлектенуі мүмкін. Ғалымдар АҚШ Жоғарғы сотының бірауыздан қабылданбаған және алқа мүшесі аз болған бірнеше шешімін зерттеп, күмән тудырған жерлері бойынша сауалнама жүргізген.

Эксперимент кезінде кәсібилері қатыспағандықтан, оның нәтижелерін нағыз сот процестерімен тең санап алмаймыз. Алқабилерге қатысты зертханалық зерттеулердің негізінде біз әлеуметтік психологиядағы басқа да эксперименттердің негізіндегі сияқты күнделікті өмірдегі күрделі құбылыстарды түсінуге мүмкіндік беретін теориялар мен қағидалар қалыптастыра аламыз.